

"Автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызы бар жолдарды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1267 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2023 жылғы 21 қарашадағы № 85 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 қарашада № 33666 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызы бар жолдарды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1267 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 13524 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызы бар жолдарды пайдалану қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызы бар жолдарды пайдалану тәртібі";

3-тармақтың 9) және 10) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"9) ақы алу пунктінде, ол бар болған жағдайда, ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысын төлейді және/немесе автокөлік құралының дербес шотында немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотында ақша қаражаты болған кезде бақылау арқаларында есептен шығарады;

10) төлеу тәсілдері және (немесе) көлік құралының техникалық сипаттамалары бойынша сараланған, орнатылған ақпараттық таблоға сәйкес көлік құралдарының тиісті жол жүру белдеуі бойынша жүріп өтуді жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұлттық оператор немесе автомобиль жолдарын өзге басқарушылар белгілеген жылдамдық режимін және жүріп өту қашықтығын сақтайды.";

4-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірігіп автовокзалдардың, ұйымдардың кезекші-диспетчерлік қызметтеріне, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның көрші облыстардағы аумақтық бөлімшелеріне және шекаралас

мемлекеттердің төтенше жағдайлар бойынша мемлекеттік органдарына олардың салдарының алдын алу және оларды жою бойынша жедел шараларды қолдануы және көмек көрсетуі үшін хабарлайды;"

5-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жол иелерінің тиісті келісімінсіз, сондай-ақ "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және "Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) сәйкес мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдарды хабардар етпей, жөндеу және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) "Халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын байланыс және электр беру арналарының, желілерінің, мұнай құбырларының, газ құбырларының, су құбырларының және теміржолдардың, басқа да инженерлік желілердің, коммуникациялардың кесіп өтуін жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шартты беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 292 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20658 болып тіркелген) сәйкес қандай да болсын коммуникацияларды (мұнай құбыры, су құбыры, байланыс және электр беру желілері, газ құбыры, кәріз төсеу) топырақ төсеміне, сондай-ақ көпірдің және жол өткелінің астына салуға жол берілмейді."

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көлік министрі

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК